

**Қазақстан Республикасында
балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың
2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері**

Астана қаласы, 2015 жыл

Мазмұны

№		Беті
1	Паспорты	3
2	Кіріспе	7
3	Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірім туризмінің жағдайына талдау	10
4	Балалар-жасөспірімдер туризм жүйесін дамытудың мақсаттары және міндеттері	19
4.1	Мақсаттары	19
4.2	Міндеттері	20
5	Негізгі бағыттары	21
6	Негізгі механизмдері	21
7	Кадрлық потенциалды дамыту	25
8	Күтілетін нәтижелер	26
9	Жүзеге асыру кезеңдері	27

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 10 ақпандағы
№60 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында
балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың
2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері**

1. Паспорт

- Аталуы:** Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері
- Негізі:** Балалардың құқықтары жөнінде БҰҰ Конвенциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын, Қазақстан халқына ҚР Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақты бірге салайық», «Қазақстандық жол - 2050» жолдауларын іске асыру.
- Негізгі құрастырушы:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
- Мақсаты :**
- Патриоттық тәрбие, тұлғаның жан-жақты дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ұйымдасқан қызметтегі оқу-тәрбиелеу жүйесінің кешені ретінде балалар-жасөспірім туризмін дамытуда біртұтас тәсілдерді қалыптастыру.
 - Балалар-жасөспірімдер туризмінің ашық ақпараттық, білімділік, әлеуметтік кеңестігін құру үшін стратегиялық бағыттарды анықтау, еңбек, қоғамдық

қызметіндегі, іздеу, зерттеушілік жұмысындағы, кәсіптік бағдарлаудағы және әлеуметтік адаптациядағы дағдыларды қалыптастыру.

Міндеттері:

- Заманауи жағдайдағы балалар-жасөспірімдер туризмін, өлкетану және экскурсия жұмыстарын дамыту үшін жағдай жасау.
- Оқушылармен туристік-өлкетану іс-шараларын өткізуде педагогикалық тиімділіктің деңгейі мен ұйымдастыру сапасын, қауіпсіздікті арттыру.
- Өз жұмыстарында туристік-өлкетану қызметінің формаларын пайдаланатын қоғамдық бірлестіктердің контингентін кеңейту.
- Өртүрлі деңгейдегі туристік-өлкетану іс-шараларға түрлі оқушылар құрамын, балалар ұжымдарын, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалар және балалар үйі мен мектеп-интернаттың тәрбиеленушілерінің қатысуына мүмкіндік жасау.
- Туристік және өлкетану педагогикалық кадрларды дайындау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру үшін өңірлерде оқушылармен туристік-өлкетану жұмыстар жасайтын ресурстық орталықтарды құру.
- Мәдени-білімділік пен әлеуметтік-педагогикалық жобалау және білім беру үдерісінің құзыретті моделі мәнмәтініндегі туристік-өлкетану іс-шараларының мазмұнын жаңғырту.
- Туристік менеджмент саласындағы оқушылардың туристік-өлкетану жұмыс формаларының кәсіптік мүмкіндіктерін кең пайдалану.

Жүзеге асыру механизмдері:

- Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту қағидаларын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.
- Балалар-жасөспірімдер туризм ұйымдары жұмыстарының нәтижелілігі мен сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу.

- Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту үшін өңірлік жоспарлар әзірлеу.

Жүзеге асыру мерзімі

2015-2018 жылдар

Күтілетін нәтижелер:

- Балалар мен білім алатын жастар арасында көпшілік туристік-өлкетану қызметін дамытудың тиімді жүйесі құрылатын болады.
- Сапалы үздіксіз туристік-өлкетану білімін алу үшін жағдайлар жасалынатын болады.
- “Менің Отаным - Қазақстан” экспедициялық жасақтардың Республикалық слетінің жобасын іске асыру үшін балалар мен жастардың көпшілігін жұмылдыру қамтамасыз етілетін болады.
- Жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулықсақтау технологиялар енгізілетін болады.
- Туристік бағыттағы ғылыми және оқу-әдістемелікпен қамтамасыз ететін тиімді жүйе қосымша білім беру педагогтерінің жұмыс сапасының деңгейін арттырады.
- Туристік бағыттағы қоғамдық және педагогикалық кадрларды дайындау жүйесі әзірленеді және енгізілетін болады.
- Балалар-жасөспірімдер туризм ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі жақсартылады, каникул кезінде және демалыс күндері балалардың жыл бойы демалыстарын ұйымдастыруға арналған қала сыртындағы туристік базалар ашылады.
- Спорт және туризмнің көпшілік түрлеріне балаларды жұмылдыру пайызы ұлғаяды. Кәмелетке толмағандардың сабақтан тыс уақыттары жұмыспен қамтылуы ұлғаяды.
- Балалар мен білім алатын жастар арасында салауатты өмір салты мәселесі бойынша, ішімдік ішу, темекі шегу, нашақорлықты ескерту мен алдын алу

туралы білімдері кеңейеді.

- Туған өлкесін тәжірибе арқылы танып білу, тарих, мәдениет ескерткіштерімен, қоршаған табиғатпен танысу арқылы оқушылардың экологиялық мәдениеті артады.
- Есірткі және басқа зиянды заттарды қолданатын балалар мен білім алатын жастар саны азаяды.
- Балалар мен білім алатын жастар арасында құқық бұзушылықтың саны азаяды.
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың қамтылуы ұлғаяды.
- Жыл сайын республикалық экологиялық акцияларды өткізу арқылы экологиялық теңгерім мен Қазақстанның биоәртүрлілік су қоймасы мен өзендерін қалпына келтіруге үлкен үлес қосылады.
- Балалар-жасөспірімдер туризмінің мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық кеңейеді.

2. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдер (бұдан әрі – Тұжырымдамалық тәсілдер) Елбасының Қазақстан халқына жолдауларын «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», «Болашақты бірге салайық», «Қазақстандық жол - 2050» іске асыру үшін дайындалған.

Еліміздің стратегиялық дамуы көбінесе жастардың тиімді әлеуетсіз бола алмайтын әлеуметтік-экономикалық дамуындағы адами капиталының рөлімен анықталады.

Дүниежүзілік қауымдастық Қазақстан Республикасын нарықтық экономикасы бар, оның дамуына салмақты үлес қосқан туристік саласы бар ел ретінде таныды.

Туристік-өлкетану бағыты Қазақстанның ұзақмерзімді жоспарында экономика жағынан тиімді және ұлттық экономиканың экологиялық қауіпсіз саласы ретінде еліміздің дамуының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Туризм саласын дамытудағы мемлекеттің қойылған міндеттерінің аясында ішкі туризмді дамыту басымдылығын ескере отырып, негізгі бағыттарының бірі өскелең ұрпақты осы процеске қатыстыру арқылы туризмнің белсенді түрлерін дамыту болып табылады.

Жалпыға мәлім ғылыми-техникалық және әлеуметтік ілгерілеуде адамның үлкен көлемде әртүрлі ақпаратты меңгеру, білімін толықтыру, жетілдіру қажеттілігі туындайды. Осы жағдайда негізгі педагогикалық процестер кіріктірілген туристік-өлкетану қызметінің рөлі арта түседі.

Әлемдік тәжірибеде өзіндік туристік қозғалыс және балалар-жасөспірім туризмі бірегей әлеуметтік көріністі білдіреді.

Туризмнің еуропалық балалар және жастар орталықтарының ортақ айқын сипаттары спорттық-сауықтыру кең спектрі бар экскурсиялық-танымдық бағдарлама болып табылады.

Англия, Франция, Германия, Австрия және басқа елдердің оқу орындарында педагогтер жеке пәндерді оқытуда оқушылармен жаяу серуендеу және айналаға сапар шегуді жұмыс барысында пайдаланады. Осындай әдістер білім алушыларға таным мен шығармашылықтағы қажеттіліктерін барынша іске асыруға, жеке және кәсіби өзін-өзі жетілуге және өзін-өзі анықтауға мүмкіндік туғызады.

Франция және еуропаның басқа елдерінде тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында білімдік жастар туризмі молымен бюджеттік қаражатпен қаржыландырылады.

Словакия елінде балалар туризмі бағдарламаларында жұмбақ үңгірлер, виндсерфинг, атпен жүру немесе құзға шығу қосылған экскурсиялар ата-аналардың және балалардың сұраныстарына ие және табысты іске асырылуда.

Жапонияда мектеп каникул кезеңдерінде оқушылар әртүрлі халық өнерін оқуға барады. Мұндай экскурсиялар, бір жағынан еңбекті құрметтеуге тәрбиелейді, мемлекеттің экономикалық потенциалы туралы оқушының көзқарасын кеңейтеді. Олар өндірістің өткен тарихы туралы әңгімелерімен байланысқан, сондай-ақ мемлекеттің даму бағдарламасы болуы мүмкін. Екінші жағынан, осындай жағдайлар маңызды мақсатты болады – оқушыларға болашақ мамандықты таңдауға көмектеседі.

Канада, Кения, АҚШ, Қытай жастарының арасында ерекше әйгілі табиғи қорықтарға және ұлттық парктерге бару болып табылады.

Германияда жастар туризмі өскелең ұрпақтың өмір салтының ажыратылмайтын сипаты. Жастар қызметінде - Германияның әдемі жерлерінде орналасқан жастар туристік базасының кең жүйесі (германиялық жастар туристік базасының Одағында 600-ден астам база) дамыған, сонымен қатар жас табиғат сүюшілерге арналған және тұруы қымбат емес 400-ден аса үйлер бар.

ISIC халықаралық куәлік ЮНЕСКО Ассоциациясының бастамасы бойынша басты мақсат - жастар туризмінің дамуына ықпал ету. Белгіленген қолдану мерзімімен (16 ай) бірыңғай карточканы енгізу жеңілдік пен шегерім жүйесін жасау жолында тиімді қадам болды, жас туризмді кеңейтуге мүмкіндік жасады. Картаның иелері мұражай мен экскурсияға бару үшін жеңілдік ала алатын болды.

Туризм – жас ұрпақтың мағыналы демалуы мен жұмысбастылығын ұйымдастырудың тиімді формаларының бірі.

Тұлға құқықтарын дамыту мен өзін-өзі көрсетуге, балалар мен жастардың әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың уәждемелік әлеуетін дамытуға, тұлғаның, қоғамның, елдің бәсекелесуге қабілеттілік құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудағы ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-шараларының

кешені қамтылған Тұжырымдамалық тәсілдерді қабылдау қажеттілігі туындайды.

Тұжырымдамалық тәсілдер өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуді, салауатты өмір салтын нығайтуды, туристік-өлкетану мен экскурсиялық қызметіне жағдай жасауды, зиян дағдылардың және құқық бұзушылықтың алдын-алуды, балалар мен жастарды өз Отанының патриоттық мұрасына қатыстыруды жобалайды.

Тұжырымдамалық тәсілдер елімізде балалар-жасөспірім туризмінің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелең ұрпақтың әлеуметтенудегі және өзін-өзі дамытуға өзекті мәселелерді шешуге бағытталады және Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдары, Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы және т.б белгіленген Қазақстанның тәрбие саясатының негізгі қағидаттарын дамытады.

Тұжырымдамалық тәсілдер мектеп оқушыларын жорықтар, саяхаттар, экспедициялар, экскурсиялар және клуб жұмыстары арқылы туристік-өлкетану қызметіне барынша қатыстыруға бағытталған және ішкі туризмін дамыту басымдылығын ескеріп құрастырылған, мемлекеттік саясатының жалпы стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін айқындайтын құжат болып табылады.

Осы құжат білім беру басқармалары органдарының арасындағы, дене шынықтыру, спорт және туризм, туристік бағыттағы жастар мен қоғамдық ұйымдарының арасындағы, орталықтардағы және орындарындағы мемлекеттік биліктегі органдар арасындағы құзыреттіліктерді бөлу қағидаттарындағы балалар мен жасөспірім туризмін басқару жүйесін жетілдіретін тәсілдерді қарастырады.

Тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру балалар-жасөспірім туризмінің инфрақұрылымын дамытатын негізгі аспектілерді қамтамасыз етуге және тартымдылығын арттыруға, осы саланы қолдау мен мемлекеттік тиімді реттеу тетігін жасауға жағдай жасайды.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМ ТУРИЗМІНІҢ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ

Қазақстанда туристік-өлкетану бағдарындағы балалар ұйымдарының мемлекеттік желісі ХХ ғасырда қалыптасты. Оның дамуы қандай да болсын саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйеде қоршаған ортаны танудағы тиімді құралы ретінде педагогикалық мақсаттылықта туризм мен өлкетануды пайдалануды сендірген.

Көптеген онжылдықтар ішінде Қазақстанның білім беру жүйесінде туристік-өлкетану жұмысының жүйесі қалыптасты және жұмыс істеуде.

Қазіргі кезде республикада **35** жас туристер-өлкетанушылар станциялары мен орталықтарында **19084** оқушы, жалпы білім беретін мектептердің туристік-өлкетану үйірмелері мен бірлестіктерінде **35844** оқушы, басқа қосымша білім беру ұйымдарының туристік-өлкетану үйірмелерінде 7-17 жас аралығында **12192** бала шұғылданады.

Жалпы туристік-өлкетану бағытымен жалпы оқушылар санының 2,6 % (2014 ж. - 1,6 %) **67120** бала қамтылған.

Өңір	туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелерде жұмыспен қамтылған жалпы бала саны						
	барлығы	жас туристер стансалары		туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелері бар басқа ҚБ ұйымдары		туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелері бар мектептер	
		ондағы үйірмелер	ондағы балалар	ондағы үйірмелер	ондағы балалар	ондағы үйірмелер	ондағы балалар
1	2	4	5	7	8	10	11
Ақмола обл	2549	0	0	19	516	176	2033
Ақтөбе обл	2975	19	720	18	755	154	1500
Алматы обл	5797	4	450	4	127	319	5220
Атырау обл	525	0	0	2	80	29	445
ШҚО	3098	7	105	28	870	123	2123
Жамбыл обл	5711	0	0	18	4364	85	1347
БҚО	13933	569	10888	11	168	151	2877
Қарағанды обл	4849	0	0	23	543	223	4306
Қостанай обл	3001	0	0	17	473	191	2528
Қызылорда обл	1248	0	0	13	745	27	503
Маңғыстау обл	744	0	0	2	110	36	634
Павлодар обл	3131	13	659	21	743	133	1729
СҚО	2061	14	210	14	210	107	1641
ОҚО	11261	238	3751	9	350	331	7160
Алматы қ.	4631	102	1632	128	2048	48	951
Астана қ.	1606	28	669	4	90	35	847
Барлығы:	67120(2,6%)	994	19084(0,7%)	331	12192(0,5%)	2168	35844(1,4%)

Соңғы он жыл ішінде туристік-өлкетану бағытында дамудың оң динамикасы (2004 ж. – 5033 бала қамтылған 9 ұйым, 2014 ж. – 19084 балалар қамтылған 35 ұйым) байқалады.

Туристік-өлкетану бағытындағы республикалық және облыстық жарыстар, слеттер және конкурстар өткізіледі. Осындай іс-шараларды өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тұрақты қызығушылықтарын және ерте кәсіби бағытталуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Қазақстанның жас бағдар берушілер мен жартасқа өрмелеушілер Азия, Еуропаның, әлем біріншіліктерінің чемпиондары мен жүлдегерлері.

Балалар туризмі – адамзат жинаған өмірлік тәжірибесін жаңа ұрпаққа берудің маңызды тәсілі, құндылыққа бейімделуді қалыптастыру, ұлттық адамгершілігін қалпына келтіру.

800 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер туристік-өлкетану қозғалысындағы оқушылардың «Атамекен», «Болашақ», «Жас ұрпақ», «Шұғыла», «Туған елге тағзым» және т.б. әртүрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысады.

Оқушылардың «Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану экспедициясы аясында жыл сайын мыңдаған жас туристер және олардың жетекшілері қатысатын әртүрлі маршруттар бойынша оншақты жаяу, шаңғыдағы, судағы, велосипедтегі жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар ұйымдастырылады.

Жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден бастап Отанымыздың бас қаласы Астанаға және еліміздің басқа аймақтарына дейін оқушылардың «Туған өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның киелі жерлеріне дейін» экспедициялар ұйымдастырылады.

Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы туристік-өлкетану қызметінің түрлі формалар бойынша мол тәжірибе жинады. Бұл орталық 1960 жылы құрылып, қазіргі уақытта осы саладағы Қазақстанның қосымша білім беру орталықтарының ішінде жетекші орталық болып табылады. 35 туризм орталығының 14 орталығы Батыс Қазақстан облысында.

Орталық жанында Мәскеу Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының қазақстандық бөлімі «Балалар даму академиясы» қоғамдық бірлестік, «Этюд» киностудиясы жұмыс істейді. Орталықтың базасында республикалық

және халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу жақсы дәстүрге айналды.

Оқушылардың «Жайық - Орал» су экспедициясы танымал болды. үгіт-насихат акциясынан Батыс Қазақстан сондай-ақ Жайық өзенінің алқабындағы іргелес Ресейдің басқа өңірлерінің бірталай жастарын біріктіретін экологиялық қозғалыстың қуатты негізіне өз құрылымы мен жүйесі бар кешенді туристік-экологиялық экспедициясына айналды.



Бұл іс-шараның бағдарламасына «Орал өңірінің кіші өзендері» экологиялық-өлкетану экспедициясы, «Таза ауыл», «Орал өңірінің жасыл желкені», «Турист, өз ағашыңды ек» акциялары, бердинг бойынша жарыстар және «БҚО табиғатының ескерткіштері» экологиялық экспедициясы кіреді.

Жыл сайын «Каспий маңы өңірінде туризмді дамыту бойынша» халықаралық форумды өткізу аясында Маңғыстау облысы және Байқоңыр қаласының әкімдігі арасында балалар туризмін дамыту бойынша ақпарат алмасу дәстүрге айналды.

Павлодар облысының «Экотуризм және өлкетану» облыс орталығының базасында «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициясының жобасы табысты іске асырылуда. Осы орталықтың оқу процесі өлкетану жұмысында жоғары жеке және командалық жетістіктерге, сондай-ақ туристік-спорттық дағдыларға жетуге бағытталған.

Дене бітімі, рухани жағынан, әлеуметтік сауықтыру, Отанды танып білу, шығармашылық әлеуетті ашу және спорт жетістіктерін жетілдіру шешімдерінде тиімді әдістерінің бірі спорттық-сауықтыру жылжымалы шатырлы лагерьлер мен сапарларға балалар мен жастарды белсенді түрде тарту болып табылады. Жыл сайын республикада **1300** бейінді, киіз үйлі, шатырлы лагерьлер, онда **140 мыңнан** аса балалар денсаулықтарын сауықтырады және туристік дағдыларын арттырады.



Республиканың білім беру ұйымдарында мектептердің тәрбие жұмысы бойынша **7668** директорлардың орынбасарлары, **18402** қосымша білім беру педагогтері, соның ішінде **851** туристік-өлкетану бағытындағы педагогтер жұмыс істейді.



Соңғы жылдары балаларға қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандардың орта жасы 13 жылға «жасарды» және орташа 40 жасты құрайды, оның ішінде 46%-ы ер адам.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірім туризміне әсер ететін жағдайлар мен факторларды талдағанда, республикада бұл бағыттың қарқынды дамуын қиындататын негізгі себептерді белгілеуге болады.

Соңғы он жылдың ішінде туристік бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының саны **26** бірлікке дейін өскеніне қарамастан, бұл ұйымдар Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында жоқ.

Балалар-жасөспірім туризмі ұйымдары орналасқан ғимараттардың техникалық жағдайы ерекше үрей туғызады. Балалар туристік ұйымдарының материалдық техникалық базасы ескірген немесе мүлдем жойылған.

20 орталық бейімделген ғимараттарда орналасқан. **50%**-дан аса ұйымдар күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Оншақты орталықтардың жеке ғимараттары жоқ, өз бетінше ұйымдастырылған туризм бірлестіктері жалпы білім беретін мектептерде орналасқан. Осындай ғимараттардың жартысы Оңтүстік Қазақстан облысында.

Балалар-жасөспірімдер жүйесі қазіргі құрал-саймандардан, оқу құралдардан, компьютерлік техникадан, сапалы Интернет-байланыстан тапшылық көреді. Республикада туристік жабдықтармен жасақталған өз бетінше ұйымдастырылған туризмнің барлық бірлестіктері **15%**-ды құрайды.

Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесінің дамуын артқа тартатыны тағы бір проблема - бюджеттік қаржының аз бөлінуі. Қазақстанда әр түрлі қосымша білім беру ұйымдарының саны **833**. Олардың **35-і** туристік-өлкетану ұйымдары. 2014 жылы оларды қаржыландыру қосымша білім беру ұйымдарының жергілікті бюджеттен жалпы қаржыландырудың тек **3,2%-ды** (*753,2 млн.теңге*) құрады және оның жартысы айлық төлемақыға жұмсалады.

Оқушылармен өткізілетін республикалық және өңірлік іс-шараларды қаржыландырудың кепілді жүйесінің жоқтығы педагогтердің оқыту қызметін жетілдіру, мазмұнын дамыту уәждемесіне, қосымша білім беру жүйесінде балалардың санын көбейту мүмкіндіктеріне жағымсыз әсер етеді. Спорт туризміндегі дарынды балаларға қолдау жеткіліксіз.

Негізгі іс-шаралардың жазғы уақытта болуына байланысты білім алушылардың ұйымдастырылған топтарына арналған жол жүруге жеңілдік енгізу мәселесі туындады. Аз қамсыздандырылған отбасылардағы, ата-ананың қамқорлығысыз және өмірлік қиын жағдаятта қалған балалар, балалар-жасөспірімдер туризмінің іс-шараларымен толықтай қамтылмаған, бұл әлеуметтік бейімделуді қиындатады және қоғам үшін қосымша әлеуметтік шығындар әкеледі.

Көпшілікке арналған балалар-жасөспірімдер туризмі қымбат болмауы керек. Мемлекет бұл мәселе бойынша ірі туроператор ретінде шыға алады немесе түрлі экономикалық тұтқа арқылы бұл проблемаларды реттейді.

Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру жүйесінің нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіруді қажетсінеді. Құқықтық базаның жеткіліксіздігі мен қайшылығы жүйенің әлеуметтік мәртебесін толық қамтымайды, сақтауға және қорғауға кепіл болмайды, оның даму мүмкіндіктеріне шек қояды.

Балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдарының қызметінде орта және мектеп жасынан үлкен балаларға бағытталған ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға толықтай назар аударылмайды. Туристік-өлкетану қызметінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған бағдарламалық-әдістемелік құралдар жоқ.

Балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру бойынша озық педагогикалық тәжірибелерді анықтауға, жинақтауға, енгізуге және таратуға толықтай көңіл бөлінбейді.

Туристік-өлкетану бағытындағы технологияларды меңгерген педагогтердің, мамандардың біліктілігі жеткіліксіз деңгейде. Іске асырылудағы кәсіби дайындық және біліктілік арттыру бағдарламалары осы категория мамандарының қызмет ерекшеліктерін нашар көрсетеді. Тек соңғы 3 жылдың ішінде туристік-өлкетану бағыты бойынша педагогтердің **30,8 %-ы** өз біліктілігін арттырды.

Туристік өлкетану бағытында педагогтердің **69,2 %-ы** өз біліктілігін арттыруды қажетсінеді. Түрлі коммерциялық ұйымдар кадрлардың біліктілігін арттыру қажеттілігін ескере отырып, балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтер үшін мазмұнды емес қымбат бағалы курстар ұйымдастырады. Осыған байланысты осы мақсаттарға орай мемлекеттік тапсырысты әзірлеу қажеттілігі туындайды. Көбінесе қосымша білім беру қызметін қосымша жұмыс атқаратын ынтагерлер орындайды, олардың орташа жалақысы тұтынушылар қоржынынан көп емес.

Республикада бастауыш, орта және жоғары дайындық семинарлар арқылы демалыс күндерді, күрделі жорықтарды ұйымдастыратын жорық жетекшілерінің, сондай-ақ орта және жоғары дайындықтар арқылы мектеп туризмі нұсқаушыларын дайындайтын жүйе жоқ.

Соңғы он жылдардың ішінде туристік бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының жалпы саны **26** бірлікке ұлғайғанға қарамастан,

осындай ұйымдар Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында жоқтығы білінеді.

Балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдары бар ғимараттардың техникалық жағдайы ерекше дабыл қағады. Күрделі жөндеуден өтуде хроникалық тапшылықты сезінетін Балалар туристік ұйымдар моралдік тұрғыдан ескірген немесе материалдық-техникалық базасы түгелдей жойылған.

20 орталық жұмыс жасауға мүмкіндігі бар ғимараттарда орналасқан. **50%** астам ұйымдар күрделі жөндеуді талап етеді. Он орталықта өзіндік ғимараттары жоқ, туризмнің өз бетімен жұмыс жасайтын көптеген бірлестіктері жалпы білім беретін мектептерде орналасқан. Осындай ғимараттардың жартысына дейін Оңтүстік қазақстан облысында орналасқан.

Балалар-жасөспірімдер туризмінің жүйесі заманауи құралдармен мен жабдықтар, оқу құралдары, компьютерлік техника, сапалы Ғаламтор-байланыспен қамтамасыз етуде тапшылық көріп отыр. Республикада өз бетімен жұмыс жасайтын туризмнің барлық бірлестіктері туристік құралдармен толық жабдықталу бойынша **15%** құрайды.

Балалар-жасөспірімдер туризм жүйесін дамытуды ұстайтын басқа маңызды мәселе – бюджеттік қаржыландырудың жетіспеуі. Қазақстанда **817** әртүрлі қосымша білім беру ұйымдары бар. Олардың ішінде **35-і** – балалар-жасөспірімдер туризм ұйымдары. 2014 жылғы қаржыландыру қосымша білім беру ұйымдардың жергілікті бюджетінің жалпы қаржыландырудың тек **3,2%** (*753,2 млн.теңге*) құрайды, оның жарты ақша көздерін жалақы құрайды.

Балалармен өткізілетін өңірлік және республикалық іс-шараны қаржыландыру жүйе кепілдігінің болмауы оқыту қызметін жүзеге асыруда педагогтер мен білім алушылардың мотивациясына, қызмет мазмұнын дамытуға, қосымша білім берудегі балалардың контингентін ұлғайту мүмкіндігіне кері әсер етеді. Балалардың спорт туризмінде дарындылар қажетті қолдауды алмай отыр.

Жазғы кезеңде білім алушылардың ұйымдастырылған тобы үшін жол жүруде жеңілдіктер қарастыру сұрақтарының шешімін табу қажеттілігі туындады, себебі дәл осы мезгілде балалармен маңызды іс-шаралар өткізіледі. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған және өмірдің қиын жағдайларына тап болған балалар, аз қамтылған отбасылардан

шыққан балалар балалар-жасөспірімдер туризмінің іс-шараларымен толыққанды қамтылмады, бұл әлеуметтік бейімделуді қиындатады және қоғам үшін қосымша әлеуметтік шығындарды туындатады.

Бұқаралық балалар-жасөспірімдер туризмі қымбат болмауы керек. Осы сұрақтың төңірегінде мемлекет ірі туроператор немесе осы мәселелерді әртүрлі экономикалық тұтқа арқылы реттеп отыра алады.

Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымдар жүйесін нормативтік және құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру қажеттілігі туындайды. Бар құқықтық базаның қарама-қайшылығы және жетіспеушілігі жүйенің әлеуметтік мәртебесін толық қамтамасыз етпейді, оны сақтау және қорғауда кепілдік бермейді, оның даму мүмкіндігін шектейді.

Балалар-жасөспірімдер туризм ұйымдар қызметінде орта және жоғарғы жастағы мектеп жасындағы балаларға бағытталған ұзақмерзімді бағдарламаларды жүзеге асыру және құрастыруға көңіл бөлінбейді. Мүмкіндігі шектеулі балалар тобымен туристік-өлкетану қызметін бағдарлама-әдістемелік қамтамасыз ету жоқтың қасы.

Балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру бойынша алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені меңгеру және тарату, жинақтау, анықтау бойынша жұмыстарға толық көңіл бөлінбейді.

Туристік-өлкетану бағытында технологияларды меңгерген мамандар, педагогтердің біліктілігін арттыру деңгейі төмен.

Кәсіби дайындық пен қайта даярлауды жүзеге асыратын бағдарламалар аталған санаттағы мамандардың қызмет бағытының өзгешелігі төмен. Соңғы 3 жылда педагогтердің **30,8%** туристік-өлкетану бағытының бейіні бойынша өз біліктіліктерін арттыру деңгейін арттыра білді.

Туристік-өлкетану бағытындағы педагогтердің біліктілігін арттыру қажеттілігі **69,2%** құрайды. Кадрлардың біліктілігін арттыру қажеттілігін ескере отырып қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтер үшін әртүрлі коммерциялық ұйымдар қымбат курстарын өткізуде, көбінесе олар қажет мазмұнды қамтамасыз етпейді. Осыған байланысты, осы мақсатта мемлекеттік тапсырысты әзірлеу қажеттілігі туындайды. Қосымша білім қызметінің осы түрі негізінен қосымша-энтуазистерден тұрады, орташа жалақы тұтынушы қоржынды аз мөлшерде көтереді.

Республикада демалым күні сияқты жорық жетекшілерін, сонымен бастауыш, орта және жоғарғы даярлық семинарлар арқылы қиын

жорықтарды, сондай-ақ орта және жоғарғы даярлық курстары арқылы мектеп туризм нұсқаушыларын даярлау жүйесі жоқ.

Жастардың бойында белсенді азаматтық ұстаным, патриоттық сезім, адамгершілік және көшбасшы қасиеттерін қалыптастыру тәрбие жұмысының баты басымдылықтарының бірі болып табылады. Жоғарыда аталған міндеттердің шешімін табуда туристік-өлкетану қызметі қолданыстағы әдіс болып табылады.

Туристік-өлкетану қызметтің романтикасы осы салаға балаларды, сондай-ақ олардың ата-аналарын жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Туризм, тәрбие жұмысының бір түрі ретінде балалардың өзін-өзі басқару және өзіне-өзі қызмет ету арқылы барлық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жорықта туристік балалар ұжымының автономиялық тіршілік әрекетіне бірегей жағдай жасалады, олар ұжым мен оның кейбір мүшелерін шарасыз өздігінен бағалау, шешім қабылдау және өздігінен әрекет қылуды алдына қояды.

Қазақстандық ғалымдардың зерттеу қорытындыларында балалар мен білім алатын жастар арасында, бір жағынан бірігуге деген белсенді ұмтылыс байқалады, қоғамда олардың рөлін мойындауға, өзін жетілдіру, өзін белгілеу формасы мен жолдарын өздігінен таңдауды көрсетті. Екінші жағынан, жасөспірімдердің азаматтық бастамаларының өсуі көбіне білім беру ұйымдарындағы өзін-өзі жетілдірудегі нақты жағдайлардың жоқтығынан болады.

Спорттық-сауықтыру туризмінің әр түрінің арасында жаяу туризм танымал – онымен сұралғандардың 41%-ы, респонденттердің 36%-ы тау туризмімен, тауға шығумен, 23%-ы су туризмімен шұғылданғысы келеді.

Сұралғандардың 57%-ы Қазақстан бойынша туристік-өлкетану жол бағдарын жүріп өткілері келеді, 40%-ы оны жүріп өткісі келмейді және 3%-ы жауап бермеді.

Балалар мен білім алатын жастардың рухани-адамгершілік, этикалық даму жоспарында үрейлі жағдай айқындалды.

Осындай жағдайлардың бір себептері әлеуметтік көрініс ретінде тәрбиені және мақсатты бағытталған үдерісті бағаламаудан болады, оның объектісі балалар мен білім алатын жастардың рухани, адамгершілік, патриоттылығын дамыту болып табылады.

Балалар туристік ұйымдарының ведомстволық бағыныстылығы сонша сан алуан болғандықтан, ортақ мақсаттар мен біртұтас талаптарды шешуге мүмкіндік болмай отыр, соған байланысты

жастардың республикалық іс-шараларға қатысуын қиындатады, себебі, бір ұйымдар білімнің ведомстволығында болса, ал басқалары дене шынықтыру, туризм және спорттың қарамағында.

Балалар-жеткіншектер туризм ұйымдарында ведомствоаралық байланыстың және мақсаттың біртұтас векторының жоқтығы қатты сезіледі.

Бар олқылықты жою, балалар-жеткіншектер туризмін біркелкі перспективалық сипат беру, туристік қызметті мемлекет саясатының басымдылығы ретінде мойындау туристік саланың мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды орын алуына мүмкіндік береді.

4. Балалар-жасөспірімдер туризм жүйесін дамытудың мақсаттары және міндеттері

Дүниежүзілік экономиканың дамуы жаңа жағдайларындағы туризм, оның ішінде балалар-жеткіншектер туризмі, динамикалық дамытын жетекші сала болуда.

Балалар мен жеткіншектердің физикалық және адамгершілік дамуындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету, өз халқының рухани мәдениетіне бет бұру, мемлекетінің өткен тарихын зерттеуге бағытталған мемлекет саясатының мақсаты және міндеттері балалар-жеткіншектер туризмінің жүйесін түбегейлі жетілдіруге бір шешімге келу мүмкін емес.

Осыған байланысты, туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беруді дамытудың жаңа тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын анықтау қажеттілігі аса маңыздылыққа ие болуда.

4.1. Мақсаттары

1. Патриоттық тәрбие, тұлғаның жан-жақты дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ұйымдасқан қызметтегі оқу-тәрбие жүйесін кешен ретінде балалар-жасөспірім туризмін дамытуда біртұтас тәсілдерді қалыптастыру.

2. Балалар-жасөспірімдер туризмінің ашық ақпараттық, оқыту, әлеуметтік кеңістікті құру үшін стратегиялық бағытты анықтау, еңбек дағдысын, қоғамдық қызметті, зерттеушілік және ізденушілік жұмыстарды, кәсіби бағдарлау, әлеуметтік бейімделуге баулу.

4.2. Міндеттері

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыруда келесі міндеттерді шешу ұсынылады.

1. Балалар мен жастардың туризм және өлкетану сабақтарында, бос уақыттарын ұйымдастыру мен демалыста құқығын қорғау және қамтамасыз ету.

2. Жеке және заңды тұлғалардың ата-аналармен *(баланың заңды өкілдерімен)* қоғамдық қарым-қатынасын реттеу.

3. Заманауи жағдайда балалар және жастармен жұмыс жасау бағыттарын, әдістерін және формаларын анықтау.

4. Балалар-жеткіншектер туризм жүйесіне өскелең ұрпақты жұмылдыру механизмдерін анықтау.

5. Балалар мен жеткіншектер туризм жүйесін дамыту үшін жағдай жасау. Қауіпсіздікті, оқушылармен өткізілетін туристік-өлкетану іс-шараларын ұйымдастыру сапасын және педагогикалық тиімділікті арттыру. Қосымша білім беру бағдарламаларын, оның ішінде ерекше категориядағы балалар үшін қолжетімділікті арттыру.

6. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, тұрғылықты мекен-жайына тәуелсіз балалар-жеткіншектер туризм бағдарламаларына қатысуға балалардың құқықтарын қолдауда қаржы механизмін құру.

7. Өз жұмысында туристік-өлкетану қызметінің формаларын қолданатын ұйымдар желісін кешенді дамыту.

8. Туристік-өлкетану бейініндегі қосымша білім беру қызметіне балаларды қамтуды ұлғайту.

9. Әртүрлі контингентті білім алушылармен балалар ұжымын, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен балалар үйінің және мектеп-интернатында тәрбиеленушілердің әртүрлі деңгейдегі туристік-өлкетану іс-шараларына қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

10. Оқыту бағдарламалардың мазмұны мен технологияларды жаңарту арқылы балалар-жеткіншектер туризмінің сапасын арттыру.

11. Балалар-жеткіншектер туризмі жүйесіндегі педагогикалық қызметкерлердің кадрлық құрамының *(басшыларын қоса)* және басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін модернизациялау.

12. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының ведомствоаралық қарым-қатынас жүйесін тиімді қалыптастыру, балалар

мен жастардың жемісті ынтымақтастық және қажеттіліктерін жарасымды қанағаттандыру үшін жағдай жасау.

5. Негізгі бағыттары

Өзгеріп жатқан әлемде балалардың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтауды, сондай-ақ әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың жаңа формасын қосуды қамтамасыз ететін туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім балалар мен жасөспірімдердің заманауи технологияларды меңгеруге негізделуі керек. Осыны ескере отырып, келесі **басым бағыттарды** дамыту қажет.

1. Республикадағы туристік-өлкетану бағытын дамыту жағдайы ретінде ресурстарды интеграциялау және консолидациялау, мемлекеттің, бизнестің, азаматтық қоғам, отбасы институтының, ведомствоаралық және деңгейаралық кооперация, әлеуметтік әріптестігі.

2. Балалар-жеткіншектер туризмін дамытудың материалдық-техникалық қамсыздандыруын жетілдіру. Арнайы құрал-жабдықтармен және бөлмелермен жасақталған туристік-өлкетану бағытындағы ресурстық орталықтарды құру.

3. Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа бағдарламаларды құрастыру, туристік-өлкетану бейініндегі жаңа бағыттарды ашу арқылы туристік-өлкетану қызметтің мазмұнының жаңарту.

4. Балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуда ақпараттық-ынталандырумен қамтамасыз ету. Республикада туризм және өлкетанушылықпен айналысатын және қызығушылық танытатын қоғам, жастар, балалар қоғамдастықтарын қалыптастыруда біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру.

5. Туристік-өлкетану бағытындағы педагогикалық кадрларды дайындау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың мақсатты бағытталған біркелкі жүйесі.

6. Негізгі механизмдері

Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту міндеттерін шешу үшін жаңа импульс қажет, бұл үдеріске жас адамдардың көпшілігін тарту қабілеті ғана емес, сонымен бірге жастардың мүмкіндіктері мен жүзеге асырылмаған резервтерін іздестіруді белсендіру қажет. Қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін механизмдер балалар-жеткіншектер

туризмін дамыту мақсаты, міндеттерін жүзеге асырудағы маңызды құралдардың бірі болуы керек.

1. Қазақстан Республикасындағы туристік-өлкетану қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

Балалар туристік-өлкетану қызметін әдістемелік, нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін келесі құжаттарды құрастыру қажет.

1.1. Қазақстан Республикасының территориясында оқушылармен экскурсиялар мен экспедицияларды, туристік жорықтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқау.

1.2. Туристік жорықтардан және спорттық бағдарлаудан өту нормативтері.

1.3. Білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.

1.4. Туристік базалардың қызметі, шатырлы, туристік лагерьде жазғы демалысты өткізу туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

1.5. Мектеп туризм нұсқаушысының қызметі туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

1.6. Мектеп туристік жарыстардың төрешелерін өткізу туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

1.7. Қоғамдық туристік кадрларды дайындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.

1.8. Туристік құралдарды және мүлікті сақтаудағы әдістемелік ұсыныстар.

2. Білім басқармасы, дене шынықтыру, спорт және туризм, туристік бағыттағы жастар мен қоғамдық ұйымдар, орталық және жергілікті жерлердегі мемлекеттік басқару органдары арасындағы құзырды межелеу принципінде балалар мен жеткіншектер туризмі жүйесін басқаруды жетілдіру.

3. Бюджеттік қаражатты ашық қолдану, оны тиімді игеру, оның ішінде балалар-жеткіншектер туризмді дамытудың басым бағыттарына ресурстық шоғырлану.

4. Мемлекеттік-жекеменшік ынтымақтастықтың негізінде балалар-жеткіншектер туризм жүйесін тиімді басқару үшін нақты экономика секторын тарту механизмдерін құру.

5. Балалар-жеткіншектер бейініндегі қосымша білім беру ұйымдарынан кәсіпорын, ғылыми мекемелер, мәдениет және спорт ұйымдарының «қамқорлық» жүйесін қайта қалпына келтіру.

6. Туристік-өлкетану бейініндегі біріктірілген ұйымдар (немесе кешендік) базасында спорт, мәдениет, білім саласында ресурстарды кооперациялау және интеграциялау.

7. Балалар-жеткіншектер туризмін көрсету қызметінің ведомствалық бағыныстылығы және әртүрлі ұйымдардың қарым-қатынас деңгейінің желілік моделін құрастыру және меңгеру.

8. Туристік-өлкетану бейініндегі қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдар үшін жалға беру ақысын төмендету.

9. Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымдарының ғимараттарын күрделі жөндеу және қайта жөндеуден өткізу, оқу жабдықтарымен, мүліктерімен, оқу құралдарымен, компьютерлік техникамен және жылдамдығы жоғары интернет-байланыспен жабдықтау.

10. Туристік-өлкетану қызметін дамыту үшін қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастыру-педагогикалық, ақпараттық жағдайларды қамтамасыз ету.

11. Туристік-өлкетану бейініндегі бағдарламалар спектрін кеңейтуді ынталандыру құралдарын меңгеру, үздік тәжірибелерді анықтау және тарату (гранттар, байқаулар, тағылымдама алаңдары).

12. Мәдени-оқыту және әлеуметтік-педагогикалық жобалау мен оқыту үдерісінің компетенттік модель контексінде туристік-өлкетану іс-шараларының мазмұнын жаңарту.

13. Туристік-өлкетану бағытындағы оқыту нәтижелерін, ұйымдардың, бағдарламалар сапасы туралы объективті және толық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету.

14. Туристік менеджмент саласында білім алушылардың жұмыс формаларының туристік-өлкетану мүмкіндіктерін кең қолдану. Туристік-өлкетану жұмыс формасының үлгісінде құқық және экономика саласында білім алушылардың оқыту құзырын және технологиялық спектрін кеңейту.

15. Қолдау жүйесін нығайту, туристік және өлкетанудың педагогикалық кадрларын дайындау және қайта даярлау үшін

оқушылармен жұмыс жасауда туристік-өлкетану бойынша өңірлерде ресурстық орталықтарды құру.

16. Балалардың бос уақытын мен жазғы және каникул кезеңіндегі белсенді демалысын ұйымдастыру, білім беру ұйымындағы тәрбие жұмысының, спорттық-сауықтыру, бейінді туристік лагерьлердің бағдарламаларына міндетті түрде қосу мақсатында балалар-жеткіншектер мен спорттық-сауықтыру туризмнің инфрақұрылымын дамыту. Облыстық деңгейден аудандық деңгейге дейін туристік-өлкетану бейініндегі ұйымдар желісін кеңейту және қайта қалпына келтіру:

16.1. *Балалар мен жасөспірімдердің туризм, өлкетану орталықтары, экскурсия, жас туристер станциялары* ұйымдастыру-әдістемелік орталықтары, туристік-өлкетану қызметінің, балалар мен жеткіншектерді оқыту және тәрбиелеу, экскурсия, саяхат, жорықтарды ұйымдастыру және өткізу саласында бірегей саясатты іске асыратын және қалыптастыруда белсенді қатысушы болып табылады.

16.2. *Туризм және өлкетану бөлімдері, балалар мен жеткіншектер шығармашылық үйлері (сарайлары)*, білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз етеді, балалар туристік-өлкетану бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастырады.

16.3. *Туристік клубтар мен тұрғылықты мекенжай бойынша клубтар*, тұрғылықты мекенжайы бойынша туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді.

16.4. *Туристік базалар, туристік лагерьлер*, оған келетін балалармен, жеткіншектермен және қыздармен туристік-өлкетану жұмысын жүзеге асырады.

16.5. *Балалар туристік қоғамдық ұйымдары.*

17. Үздіксіз туристік-өлкетану білімінің (балабақша-мектеп-қосымша білім беру-КТМ, ЖОО) жүйесін кезең бойынша жүзеге асыру үшін ұйымдастыру-педагогикалық жағдайды құру.

18. «Менің Отаным - Қазақстан» экспедициялық жасақтардың Республикалық слетінің (жарыстар, жорықтар және т.б.) жобасын жүзеге асыруда балалар мен жастарды кең қамтуды қамтамасыз ету.

19. Туристік көпсайыс бойынша республикалық қысқы және жазғы спартакиадаларды жыл сайын өткізуді қамтамасыз ету.

20. Әлеуметтік-бейімделген секілді қосымша білім саласын дамыту: балалардың тобына бағытталған, мемлекет пен қоғамның назарын аса

талап ететін (әлеуметтік қауіп-қатер тобындағы балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі өте төмен отбасыдан шыққан балалар) туристік-өлкетану бағдарламаларын қолдау.

21. Қосымша білім беру бағдарламалар спектірін кеңейтуде ынталандыру құралдарын меңгеру, үздік тәжірибені анықтау және тарату.

22. Қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі қоғамдық және педагогикалық туристік кадрларды даярлау жүйесін құрастыру және енгізу.

23. Бағыттар, туристік-өлкетану бағдарламалары, туристік-өлкетану ұйымдарында жұмыс жасайтын педагогтер туралы республикалық деректер базасын құру.

24. Балалар-жеткіншектер туризм ұйымдар қызметінің нәтижелілігі мен сапасын бағалау өлшемдерін құрастыру.

25. Балалар-жеткіншектер туризмін дамыту бойынша өңірлік жоспарларды құрастыру.

7. Кадрлық потенциалды дамыту

Кадрлық потенциалдың жағдай көбінесе педагогтердің баламен тиімді жұмыс жасау үшін жасалған жағдайына, сондай-ақ олардың біліктілігін тиімді арттыру жүйесіне тәуелді. Осыған байланысты, туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім жүйесіндегі кадрлық потенциалдың жағдайын жақсартуда мүмкін тәсілдерді енгізу және іздеу қажеттігі көрініп тұр.

Осы бағыт қызметіндегі кадрлық потенциалды дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың мазмұны келесіні ұсынады.

1. Оқу стандартының ылғи өзгеріп отыратын талаптарына сәйкес немесе педагогикалық ғылым мен тәжірибе саласындағы бейімделген жетістіктердің негізінде педагогтердің теориялық және практикалық білімдерін жаңарту.

2. Балалар-жеткіншектер туризм жүйесінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың жаңартылған бағдарламаларын құрастыру.

3. Тәжірибелік жұмыстарға жаңа әдіс-тәсілдерді, педагогикалық қызметкерлермен қарым-қатынас технологияларын, сондай-ақ бірге жұмыс жасау тәсілдерін енгізу, туристік-өлкетану қызметіндегі педагогтердің кәсіби шеберлігі үшін жағдай жасау.

4. Кадрлық потенциалдың сандық өзгерістері мен сапалық көрсеткіштерін, көрсеткіш жүйесін құрастыру.

5. Балалар-жеткіншектер туризм технологиялары мен әдістемелерін, авторлық және жеке оқу бағдарламаларын апробациялау және тираждау, үздік тәжірибені және практиканы тираждау үшін жұмыс алаңын ұйымдастыру.

6. Қосымша білім педагогінің мәртебесін арттыру. Инновациялық қызметті моралдық тұрғыдан ынталандыру және материалдық жүйесін дамыту, қоғамдық жетістікті мойындау, жақсы жағдайды және т.б. құру.

8. Күтілетін нәтижелер

Тұжырымдамалық тәсілдерді тиімді жүзеге асыруды ұйымдастыру ғылыми, материалдық-техникалық міндеттерді шешеді және келесі нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.

Балалар мен білім алатын жастар арасында туристік-өлкетану қызметін массалық дамытудың тиімді жүйесі құрылатын болады, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, бизнестің, азаматтық қоғамдық институттар, отбасылардың ведомствоаралық ынтымақтастығы белсендіріледі.

Туристік-өлкетанудың үздіксіз білім беруді сапалы алу үшін жағдай жасалынатын болады.

Жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологиялары меңгерілетін болады.

Туристік бағыттағы ғылыми және оқу-әдістемелікті қамсыздандырудың тиімді жүйесі қосымша білім беру педагогінің жұмыс сапасын арттыратын болады.

Туристік бағыттағы педагогикалық және қоғамдық кадрларды дайындау жүйесі құрастырылып меңгерілетін болады.

Балалар-жеткіншектер туризм ұйымдарының материалдық-техникалық қамсыздануы жақсара түсетін болады. Демалыс күндері және каникул кезеңдерінде балалардың жылдық демалысын ұйымдастыру үшін қала сыртындағы туристік базалар ашылатын болады.

Туризм және спорттың көптеген түріне балаларды қамту пайызы ұлғаятын болады. Сабақтан тыс бос уақытта кәмелетке толмаған балалардың бос уақытын қамту ұлғаятын болады.

Туған өлкені тану, мәдениет және тарихи ескерткіштермен, қоршаған ортамен танысу практикасы арқылы экологиялық мәдениет артады.

Жылсайынғы республикалық экологиялық акциялар арқылы Қазақстанның өзен және суайдынының битүрлілігінің экологиялық балансын қайта қалпына келтіруге үлкен үлес қосылатын болады.

Балалар мен білім алатын жастар арасында салауатты өмір салты, ішімдікті қолдануды, темекі және нашақорлықты ескерту және алдын алу сұрақтары бойынша білімдері кеңейтіледі.

Наша және тағы басқа да зиянды заттарды қолданатын балалар мен білім алатын жастардың саны төмендейді.

Балалар мен білім алатын жастар арасында құқықбұзушылықтардың саны төмендейді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қамту ұлғаятын болады.

“Менің Отаным - Қазақстан” экспедициялық жасақтардың Республикалық слетінің жобасын жүзеге асыруда балалар мен жастарды тарту кең қамтылатын болады.

Балалар-жеткіншектер туризм мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық кеңейеді.

9. Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесін дамытуда Тұжырымдамалық тәсілдерді жүзеге асыру кезеңдері.

Балалар-жеткіншектер туризмі жүйесін дамытуда **Тұжырымдамалық тәсілдерді** жүзеге асыру екі кезеңде жүргізіледі.

Бірінші кезең (2015-2016 жылдар)

Нормативтік құқықтық құжаттар пакетін құрастыру. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармасының жүйесіне кіретін, балалар-жеткіншектер туризмі бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдарды талдау.

Тұжырымдамалық тәсілдер бойынша өңірлік жоспарлар әзірлеу. Туристік-өлкетану бағыты бойынша модульдер мен пилоттық типтік оқыту бағдарламаларын құрастыру. Балалар-жеткіншектер туризмі педагогтері мен ұйымдастырушылардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу. Ғылыми-практикалық конференциялар, көрмелер, жарыстар және басқа іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу. Оқушылардың және білім алатын жастардың “Менің Отаным - Қазақстан”

туристік экспедициясын өткізу бойынша аудандық, облыстық, республикалық ұйымдастыру комитетін құру.

Қосымша білім беру жүйесінің республикалық ғылыми-танымдық порталын жетілдіру. Балалар-жасөспірімдер туризмі инфрақұрылымын дамыту.

Екінші кезең (2017-2018 жылдары)

Балалар-жеткіншектер туризмі жүйесін дамытуда Тұжырымдамалық тәсілдерді жүзеге асыру бойынша өңірлік жоспарларды түзету. Туристік-өлкетану бағытындағы педагогтер мен ұйымдастырушылардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру. Педагогтердің үздік тәжірибесін жинақтау және тарату, меңгеру бойынша іс-шаралар кешенін өткізу.

Балалар-жеткіншектер туризмі бағыты бойынша республикалық және өңірлік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу. Мемлекеттің барлық өңірлерінде әлеуметтік ынтымақтастық механизмдерін қолдану арқылы жүйенің желілік құрылымын тиімді құрастыру. Туристік-өлкетану бағытындағы балалар мен жастар ұйымдарының желісін ұлғайту.

**Концептуальные подходы к развитию детско-юношеского
туризма в Республике Казахстан на 2015 - 2018 годы**

г. Астана, 2015 год

Содержание

№		Стр.
1.	Паспорт	3
2.	Введение	7
3.	Анализ состояния детско-юношеского туризма в Казахстане	10
4.	Цель и задачи развития детско-юношеского туризма	17
4.1.	Цели	18
4.2.	Задачи	18
5.	Основные направления	19
6.	Основные механизмы	20
7.	Развитие кадрового потенциала	23
8.	Ожидаемые результаты	24
9.	Этапы реализации	25

УТВЕРЖДЕНЫ приказом
Министра образования и науки
Республики Казахстан
от «10» февраля 2015 года № 60

Концептуальные подходы к развитию детско-юношеского туризма в Республике Казахстан на 2015 -2018 годы

1. Паспорт

